Мереке ауылының жергілікті қауымдастық жиынының

№8 хаттамасы

12 қараша 2025 жыл **Мереке ауылы**

Жиын төрағасы: М.Хасанов
Жиын хатшысы: А.Жұбанышева

Қатысушылар саны: 13 адам

Күн тәртібі:

1. **Мемлекеттік сатып алу мәселелері туралы**

(Хабарламашы: Мереке ауылдық округінің әкімі М.Нарыков)

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Мереке ауылдық округінің әкімі М.Нарыковтың хабарламасы тындалды:

Құрметті жиынға қатысушылар! Қазіргі таңда Қалмақ елді-мекенінің магистральды электр желісін тарту жұмыстарын толық аяқталып, үйлерге жаңа желіден электр берілді. Ендігі жұмыстар 5 линнияны ауыстырып, жарықшамдар орнату қажет. Осы бағдарлама аясында бүгінгі күнге 76 900 мың теңгедей үнемделген қаражат бар. Аталған қаржыны жарықшамдамдар орнату жұмыстарына пайдалансақ деген ұсыныс бар.

Сонымен қатар жолдарды күтіп ұстау бағдарламасында 655 мың теңге қаражатымыз бар. Осы қаржыға ата-аналардың ұсынысы негізінде мектеп алдында жол қауіпсіздігін сақтау бойынша жасанды жол кедергілерін қоюға ұсыныс беремін.

Т.Жарасов: Қалмақ ауылына электр желісі орнатылды. Қазір жақсы жасап тұр. Енді күн салқындамай тұрып, көше жарықтарын орнатса жақсы болар еді. Сол шаруаны тездетіп қолға алу керек.

Е.Қойшығұлов: Иа, осы жұмысты қолға алып, тікелей келісім-шарт арқылы жасау қажет.

Х.Джаманкулов: Биыл көше жарықтарына техникалық қызмет көрсетіп отырған мекеме өз ісіне жауапты екенін байқадық. Әрі сапалы, әрі тиімді бағада жасап отыр. Осы жұмыстарды сол кәсіпкермен тікелей жасатсақ, уақыттан ұтар едік.

Ж.Альмурзин: Айтуларыңыз орынды. Мен мектептің қамқоршылық кеңесінің төрағасы ретін ауыл әкімінің ұсынысын қолдаймын. Өйткені мектептің алдындағы жол қауіпсіздігі үлкен мәселе. Осы жұмысты да бір мекемемен тікелей келісім-шарт арқылы жасаған жөн болар.

М.Хасанов – қауымдастық жиынының төрағасы: Жаңағы айтылғандардың барлығын қолдаймын. Аталған жұмыстарды жауапкершілігі мол, жұмысты сапалы әрі уақытында жасайтын мердігерге берген дұрыс деп есептеймін.

Осы айтылғандарды тез әрі сапалы түрде жасау үшін бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асыруды ұсынамын.

Электр желісін бойынша жұмысты ауылда техникалық қызмет көрсетіп келе жатырған мердігерге, жол кедергісін жасауды өз ауылымыздың жеке кәсіпкері Жумагулова Гаухар Хайретденовнамен тікелей келісімшарт жасауды ұсынамын.

ЖИНАЛЫС ШЕШІМІ

1. ҚР мемлекеттік сатып алу туралы Заңы 16 бабы 3 тармағының 28 тармақшасына сәйкес Қалмақ елді-мекенінің электр бағандарына ішінара 5 линния тарту және жарықшам қондыру жұмыстары "Green West Expert" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 660614300748 тапсырылсын;
2. ҚР мемлекеттік сатып алу туралы Заңы 16 бабы 3 тармағының 28 тармақшасына сәйкес Мереке ауылының Абай көшесіне жол кедергілерін орнату жұмыстары - «AZIRAM» жеке кәсіпкерлігіне тапсырылсын.
3. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру Мереке ауылдық округінің әкімі аппаратына жүктелсін.

Жиын төрағасы: **М.Хасанов**

Жиын хатшысы: **А.Жұбанышева**